

«Тексерілді»
«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Сағде Ғ.К.Сағпазова

Мерекелік ертеңгілік

Тақырыбы: «22-наурыз-Әз , Наурыз!»

Өткізген: №2 ортаңғы «Балбөбек» тобының тәрбиешісі Б.Ақбасова

2022/2023 оқу жылы

Мақсаты: Қазақтың ұлттық мерекесі Наурызды тәрбиеленушілерге кеңінен насихаттай отырып, ұлтжанды, мейірімді, халықтық дәстүрді дәріптеуге баулу.

Мереке өтетін жер салт-дәстүрге байланысты жабдықталады. Балалар ұлттық киімдермен келеді. Қазақтың ұлттық киімдерін киген бүлдіршіндер «Көңіл ашар» күйінің сүйемелдеуімен, мерекелік бағдарлама өтетін жерге орындарына келіп тұрады.

Жүргізуші: Армысыздар, ұстаздар, ата-аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз да келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын!

Келе жатыр жылымыз,
Мейрамдаймыз мұны біз.

Халқы сүйген мейрамды
Қарсы алайық, Наурызды!

Әжесі мен Наурыз қыз ортаға келеді. (Әжесі шашу шашады).

Наурыз қыз: Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!

Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық!

1-ші бала: Наурыз тойы-тамаша,
Наурыз тойы-жаңаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

2-ші бала: Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

3-ші бала: Құстар ұшып келеді,
Наурыз келді алақай!
Күн нұрындай төгіледі,
Көк кілемге жамылып жер.

4-ші бала: Наурыз-ай, наурыз-ай,
Тәтті көже бересің.
Қарнымыздың тойғаны-ай,
Кетпейді әлі елесің.

5-ші бала: Кең болсын қазағымның керегесі,
Кетпесін Алла берген берекесі,
Алаштың баласына нәсіп болған,
Құтты болсын, Наурыз мерекесі!

6-шы бала: Наурыз айы келгенде,
Күн шуағы шашылып.
Жылғалардан су ағып,
Ақ әжелер құлпырып.

Ән «Құтты болсын әз-Наурыз» (хормен).

Ұлттық ойын: «Арқан тартыс».

Сахналық көрініс «Түлкі мен құмыра» ертегісі.

Бір әйел далаға егін ора келіп, құмыраны сүтімен шөптің арасына тығып қояды. Бұны түлкі көрді де, жасырынып келіп, құмыраның ішіне басын тығып, сүтті ішіп қояды.

Енді түлкі құмырадан басын шығара алмай әлек болады.

Түлкі: -Әу, құмыра! Біраз ойнадың, жетер, жібер менің басымды,- дейді. Қалай жұлқынса да басын шығара алмайды. Түлкі ашуланып: -Қап, бәлем, тұра тұр, жақсылықпен қаламасаң, сені суға батырармын,- деп жүгіріп келіп, өзенге қойып кетіпті. Сөйтіп, құмырамен бірге өзі де батып кетсе керек.

Би: «Қазақ биі»

Жүргізуші: Ал, құрметті халайық, бесікке салу рәсіміне кезек берейік. (Өжесі немересін бесікке бөлейді).

Мойнымдағы тұмарым,
Тарқамайтын құмарым.
Тағдыр берген алсын деп,
Ақ бесікке салсын деп.
Мойнымдағы маржаным,
Қорадағы мал-жаным.
Бесігіңе жата ғой,
Тәтті ұйқыға бата ғой.
Балам жатсын бесікке,
Пәлесі қалсын есікте.

Жүргізуші: Ал, енді Күш сынасуға, әркімнің өз ептілігін сынауға уақыт келіп жетті.

Ойын: «Күш сынасу».

Жүргізуші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті «Дастархан» әніне береміз.

Ән «Дастархан» (хормен).

Бата беру.

Ұлыс оң болсын,
Ақ мол болсын.
Төрт түлік ақты болсын,
Ұлыстың ұлы күнінде
Ұлыс оңға қонсын.
Менің берген бұл батам,
Алланың құлағына салынсын!
Әумин!

Жүргізуші: 22-наурыз мерекесі құтты болсын! Наурыз береке-бірлік әкелсін! Сау болыңыздар!

Мерекелік ертенгілік

Тақырыбы: «22-наурыз-Әз, Наурыз!»
№2 ортаңғы топтың тәрбиешісі Б.Ақбасова

